

Bestam corporation» ЖШС
директорының 2024 жылғы «27»
қараша
№ 29-Ө бұйрығымен

«БЕКІТІЛГЕН»

_____ Рыскедьдина Н.М.-С.

«MONTANA» ОЙЫН МЕКЕМЕСІНІҢ ЖҰМЫС ҚАҒИДАЛАРЫ

г. Конаев, 2024 год

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «MONTANA» ойын мекемесі жұмысының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 219-III Заңының талаптарына және букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 09 қазандағы № 175 бұйрығымен талаптарына сәйкес әзірленді және ойын мекемесіне кіру тәртібі мен ерекшеліктерін регламенттейді.
2. Осы Қағидалардың негізгі міндеттері құмар ойындарға рұқсат пен қатысуға бақылау жасау және ойын мекемесіне кіру тәртібін анықтау болып табылады.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АЙҚЫНДАМАЛАР

Бәс тігу – қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен ұтыс көзделіп, олар қатыспайтын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;
Бәс тігуге қатысушының аккаунты (бұдан әрі – аккаунт) – букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы бәс тігуге қатысушыны тіркеу кезінде аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәс тігуге қатысушының мөлшерлемелерді және бәс тігуге қатысу және ұтыстарды алу үшін қажетті өзге де операцияларды жүзеге асыруы үшін, сондай-ақ бәс тігудің әрбір қатысушысы, бәс тігуге қатысушы беретін ақша, бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер (оның ішінде электрондық), бәс тігудің нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты есепке алу үшін бәс тігуге қатысушының ашатын дербес есептік жазбасы;

Бенефициарлық меншік иесі – бұл:

- заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;
- заңды тұлғаны немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымды өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

- оның мүддесінде заңды тұлға немесе заңды тұлғаны құрмайтын шетелдік құрылым ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

Казино – «Монтана» казиносы - құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын мекемесі;

Казиноның немесе ойын автоматтары залының кассасы – ойын бизнесін ұйымдастырушы арнайы жабдықтаған, ақшамен операциялар, сондай-ақ заңдастырылған белгілерді беру және (немесе) қайтару жүзеге асырылатын ойын мекемесіндегі орын;

Құмар ойын – ұтысты көздейтін, қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен аталған адамдар қатысатын оқиға нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;

Құмар ойын – қатысушылардың өзара немесе ойын бизнесін ұйымдастырушымен аталған адамдар қатысатын оқиғаның нәтижесіне жасаған ұтысын болжайтын тәуекелге негізделген келісім;

құмар ойынға қатысушы-құмар ойынға қатысатын жеке тұлға;

Заңдастырылған белгілер – ойын бизнесін ұйымдастырушының қағидаларында айқындалған тәртіппен құмар ойындарға қатысу үшін қолма-қол ақшаны алмастыратын және ойын мекемелерінде пайдаланылатын белгілі бір номиналдағы фишкалар, жетондар және (немесе) электрондық жеткізгіштер;

Құмар ойындарға қатысуы шектелген адам – құмар ойындарға салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген Қазақстан Республикасының азаматы, сондай-ақ құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудан өзін алты айдан он жылға дейінгі мерзімге шектеген Қазақстан Республикасының азаматы ;

Ойын автоматы – құмар ойындарды өткізу үшін пайдаланылатын, ұтысын ойын бизнесін ұйымдастырушының немесе оның қызметкерлерінің қатысуынсыз осындай ойын жабдығы корпусының ішінде орналасқан құрылғы кездейсоқ тәсілмен айқындайтын ойын жабдығы (механикалық, электр, электрондық немесе өзге де техникалық жабдық);

Ойын автоматтары залы - құмар ойындарды ұйымдастыру мен өткізу үшін ойын автоматтары ғана пайдаланылатын ойын мекемесі;

Ойын бизнесін ұйымдастырушы – құмар ойындарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

Ойын жабдығы – құмар ойындарды өткізуге арналған және пайдаланылатын құрылғылар немесе құралдар;

Ойын мекемесі – ұтыс алуды көздейтін құмар ойындар осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес өтетін ғимарат, үй-жай, құрылысжай;

Ойын сессиясы – ойын бизнесін ұйымдастырушының қағидаларында айқындалатын, ұтысты анықтаумен (тіркеумен) аяқталатын, құмар ойынға қатысушының ойын бизнесін ұйымдастырушымен өзара қатынас жасау тәртібі;

Ойын үстелі - ойыншының (ойыншылардың) және казиноның бір өкілінің қатысумен құмар ойындар өткізуге арналған ойын жабдығы;

Мөлшерлеме - құмар ойына қатысушы ойын бизнесін ұйымдастырушыға беретін және құмар ойынына қатысудың негізгі шарты болып табылатын ақша сомасы;

Ұтыс – құмар ойынның ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген қағидаларда көзделген нәтижесі шыққан кезде құмар ойынға қатысушыға міндетті түрде төленуге жататын мүліктік пайда;

Келуші – ойын мекемесінің аумағында жүрген және құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатыспайтын жеке тұлға;

Құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысушы/ ойыншы – құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысатын жеке тұлға;

Қонақ – құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысушы деген сияқты теңдес ұғым;

Дилер – казино қызметкері;

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган – ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

3. КАЗИНО ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

3. «Bestam corporation» ЖШС (бұдан әрі – ойын бизнесін ұйымдастырушы), «MONTANA» казиносы Қонаев қаласы, Индустриальная көшесі 4 мекенжайы бойынша орналасқан, БСН 181040002380, ЖСК KZ538562203105429485, «БанкЦентрКредит» АҚ-дағы БСК KСJBKZKX.

4. Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия 12.02.2019 жылғы № 46, қолданылу мерзімі 12.02.2029 жылға дейін. Ойын автоматтары залының қызметімен айналысу құқығына лицензия 05.12.2019 жылғы №26, қолданылу мерзімі 05.12.2029 жылға дейін.

4. КІРУГЕ РҰҚСАТ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

5. Казиноға мынадай қонақтарды кіргізуге тыйым салынады:

1) жиырма бір жасқа толмаған адамдарға, құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген адамдарға, уәкілетті орган «Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне» енгізген мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндетте мелері бар адамдарға казиноға кіруге және құмар ойындарға қатысуға тыйым салынады.

2) Әкімшіліктің тиісті жасқа жеткенін растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындау мақсатында және адам көрсетілген жас цензурасына сәйкес келмеген немесе жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда кіруге тыйым салуға құқығы бар.

3) Алкогольдік немесе өзге де масаң күйдегі адамдарға, сондай-ақ өз іс-әрекеттерімен жанжал жағдайларының туындауын арандататын, қоғамда қабылданған мінез-құлық әдебінің нормалары мен қағидаларын бұзатын немесе казино мүдделеріне зиян келтірген адамдарға кіруге рұқсат берілмейді.

4) Тиісті дресс-кодқа сәйкес келмейтін адамдар. Спорттық киімнің барлық түрлерінде немесе спорттық аяқ киімде, лас немесе жыртылған киімде және ресми форманың кез келген түрінде және т. б. адамдарға кіруге рұқсат берілмейді.

5) Қару алып жүруге тиісті рұқсаты болған жағдайларды қоспағанда, жеке қауіпсіздік мақсатында атыс қаруы немесе өзге де суық қаруы (пышақтар, шаншу және кесу заттары) бар адамдарға кіруге рұқсат берілмейді.

6) Қонақтарға қызметтік үй-жайларға кіруге тыйым салынады.

7) Ойын бизнесін ұйымдастырушы барлық қонақтар мен келушілерге мынаны хабарлайды;

- «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 06 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас

жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамағаны үшін жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, оларға теңестірілген адамдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ аталған функцияларды орындауға уәкілетті кандидаттар болып табылатын адамдар құм

ар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шект еулерді өзіне қабылдайды;

- «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қаз ақстан Республикасының Заңына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағ ы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құмар ойындарын ойнайтын және/немесе бә с тігуге қатысатын арнаулы мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін адамдар, сондай- ақ Қазақстан Республикасында әскери қызмет өткеретін адамдар теріс себептермен қызметтен босатылуы мүмкін.

- Интернеттің болмауы, құмар ойындарға қатысуға шектелген адамдардың тізіміне, Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне қол жеткізудің болмауы себептері бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының жауапты қызметкері жеке тұлғаны сәйкестендіруге мүмкін болмаған себептерін жойғанға дейін жеке тұлғаны құмар ойындарға жібермейді.

- Жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері бойынша жеке тұлғаны сәйкестендіруге жол берілмейді.

- Жеке тұлғаның ойын мекемесінде сәйкестендіруден (тіркеуден) өтуден бас тартуы да оның құмар ойындарға қатысуына жол бермеу үшін негіз болып табылады.

- Жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуына рұқсат беру жеке тұлғаға ойын мекемесінің кассасында заңдастырылған белгілерді беру болып табылады.

- Жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуының шарты казино, ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының жеке тұлғаның құмар ойындарға қатысуына рұқсат беру болып табылады.

- Құмар ойынға қатысушы ең төменгі және ең жоғары мөлшерлемені ескере отырып, белгілі бір номиналдың заңдастырылған белгілеріне мөлшерлеме жасайды.

- Минималды және максималды мөлшерлеме туралы, сондай-ақ құмар ойынның әр түрі үшін максималды ұтыс туралы ақпарат Ойын мекемесі жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындардың қағидаларында айқындалады.

- Ұтысты төлеу ұсынылған заңдастырылған белгілердің сомасына ғана жүргізіледі.

- Ақшадан басқа өзге мүлік түрінде ұтыс жүлдесін беру оң нәтиже алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде құмар ойын өткізілген ойын мекемесінде жүргізіледі.

5. ҚҰМАР ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСУҒА ШЕКТЕУЛЕР

6.

Жиырма жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы уәкілетті органға өзін құмар о йындарға және/немесе бәс тігуге қатысуы шектелген адамдардың тізіміне енгізу туралы өт ініш беру арқылы өзін алты айдан он жылға дейінгі мерзімге құмар ойындарға және бәс ті гуге қатысуға шектей алады. Электрондық өтініш «eGov mobile» мобильді қосымшасы арқ ылы немесе «E-otinish»

өтініштерді қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы беріледі, өтінішті қайтарып алу құқығынсыз және электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады.

7. Өтініште тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуды шектеу мерзімі, жеке немесе электрондық-цифрлық қолтаңба болуға тиіс.

8. Жақын туыстары, отбасы мүшелері азаматтың әрекет қабілеттілігін шектеу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде уәкілетті органға мұндай адамды құмар ойындарға қатысуға шектелген адамдардың тізіміне енгізу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

9. Құмар ойындарға қатысуға шектелген адамдар туралы ақпарат құпия болып табылады.

10. Құмар ойындарға немесе бәс тігуге қатысуға шектелген адамдар туралы ақпаратқа қол жеткізетін адамдар өтініш берушінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз оның таралуына жол бермеу не өзге де заңды негіздің болуы талабын сақтау арқылы оның құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Кәсіптік, қызметтік қажеттілікке байланысты, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуы шектелген адамдардың тізіміне қолжетімділікті құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға уәкілетті органның атына жекелеген сұрау салулары бойынша және құпиялылықты қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау шартымен қамтамасыз етілуі мүмкін.

11. Құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуды шектеу мерзімі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматы шектеуді жаңа мерзімге ұзарту туралы өтініш бере ал ады.

12. Кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуға шектелген адамдар туралы мәліметтер белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

13. Уәкілетті орган құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуға өзін-өзі шектеу мерзімі аяқталған күннен кейін құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуы шектелген адамдардың тізіміне енгізілген адамды тізімнен шығарады.

14. Осы баптың 8-тармағына сәйкес құмар ойындарға және /немесе бәс тігуге қатысуы шектелген адамдардың тізіміне енгізілген адам азаматтың әрекетке қабілеттілігін шектеуді жою туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде уәкілетті орган тізімнен алып тастайды.

15. Ойын бизнесін ұйымдастырушылар құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге тыйым салынған жеке тұлғаларға құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуға рұқсат беруден бас тартады

6. ҚҰМАР ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

16. Казино қонақтың/құмар ойынға қатысушының жеке басын анықтауға құқылы.

17. Казино мұндай шектеудің себебін түсіндірместен кез-келген адамға ойын мекемесіне кіруді шектеуге құқылы.

18. Казино Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындау мақсатында жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

Казино «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттың берілуін ұйымдастырады және бақылауды жүзеге асырады.

Казино есептерді қалыптастыру үшін Ішкі бақылау және қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару жүйесін жақсарту жөніндегі ұсынылатын шаралар туралы және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді

заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ішкі бақылау қағидаларын іске асыру нәтижелері жөніндегі ұсынылатын шаралар туралы ақпарат дайындауға құқылы.

Казино, ойыншы сияқты «Ойын бизнесі туралы», «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін екеуі бірдей жауапты болады.

19. Казино қонақтардан осы Қағидалардың ережелерін сақтауды талап етуге құқылы.

20. Казино ойын мекемесінің жұмыс ережелерін бұзатын адамдарды құмар ойындарға жібермеуге, мөлшерлемелер мен құмар ойындарды қабылдауға құқылы.

21. Казино қонақ келтірген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

22. Казино қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда ұтысты беруді тоқтата тұруға құқылы.

23. Казино құмар ойынындағы ұтысты беруге міндетті.

24. Казино өрт және санитарлық қауіпсіздік ережелерін сақтауға міндетті.

7. ӨТКІЗІЛЕТІН ҚҰМАР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

25. «Американдық рулетка» құмар ойынының қағидалары.

1) «Американдық рулетка» тең 37 секторға бөлінген, 0-ден бастап 36-ны қоса алғанға дейін шеңбер мен бір доп арқылы ойналады.

2) «Американдық рулетка» ойынының мақсаты – доп түсетін санды дұрыс болжау.

3) Ойынды дилер шеңберді бір бағытта, ал допты керісінше айналдырып бастайды, бұл ретте «Сіздердің мөлшерлемелеріңіз, өтінемін» деп жариялайды. Осы сәттен бастап ойын ашық деп саналады. Жаңа мөлшерлемелерді қабылдаған кезде шеңбердің айналу бағыты өзгереді.

4) Ойын барысында қызмет көрсетуші персоналдан үш адам үстел басында болуы тиіс:

- ойынның дұрыс жүргізілуін қадағалайтын және осы үстелдегі ең маңызды адам болып табылатын инспектор;

- ойынды жүргізетін дилер;

- фишкаларды жинайтын чипші;

5) Мөлшерлемелер тек допты айналдыру кезінде, Дилердің «Басқа мөлшерлемелер жоқ, рахмет» деген сөзіне дейін жасалуы тиіс.

6) Доп баяулаған сайын дилер ойыншыларға «Соңғы мөлшерлемелер, өтінемін» деп хабарлайды. Ойын добы кез-келген ұяшықтың бірінде тоқтаған кезде дилер «Мөлшерлемелер жоқ, рахмет» деп жариялайды. Доп тоқтаған рулеткадағы нөмір ұтқан болып саналады және Дилер «Доллиді» ұтқан санға қояды.

7) Дилер төменде көрсетілген кестеге сәйкес ұтқан нөмір бойынша төлемдер жүргізеді. Барлық ұтыс мөлшерлемелері төленгеннен кейін дилер жаңа ойынды бастайды.

8) Ұтысты төлеу клиенттің қалауы бойынша, бірақ осы ойынның нәтижелері шығарылған сәттен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

9) Ұтыстар мөлшерлемелердің қалайша жасалғанына байланысты өзгереді. Рулетканы заңдастырылған белгілермен немесе түрлі-түсті фишкалармен ойнауға болады.

Түрлі-түсті фишкалар клиенттің қалауына сәйкес белгілі бір ақшалай номиналға ие. Түсті фишкаларды олар сатып алынған үстелде ғана пайдалануға болады.

10) Клиент бір нөмірге немесе аралас сандардың, қарапайым мүмкіндіктің, бағандардың және мүшел комбинациясына мөлшерлеме жасай алады. Сондай-ақ, дилер «көршілердің» бір нөміріне және сериясына мөлшерлемелер қабылдайды:

– «Voisins de zero» - 9 түсті фишка;

– «Tier» - 6 түсті фишка;

- «Orphelins» - 5 түсті фишка.

11) Қате жасалған мөлшерлемелер, жарамсыз мөлшерлемелер немесе дилер «басқа мөлшерлемелер жоқ» деп жариялағаннан кейін жасалған мөлшерлемелер қабылданбайды (барлық кеш мөлшерлемелер ойыншыға қайтарылады).

12) Ұтысты төлеу мөлшері:

Комбинация атауы	Төлемдер мөлшері
Column/баған (1- баған - 1-34 арасы, 2- баған - 2-35 арасы, 3- баған – 3-36 арасы)	Бірге екі
Dozen/Мүшел (1-он екілік - 1-12 арасы, 2- он екілік – 13-24 арасы, 3- он екілік – 25-36 арасы)	Бірге екі
Even/Тең мүмкіндік (Red-black/қызыл-қара Even-odd/жұп-тақ Low1-18/height 19-36/шағын Және үлкен сандар)	Бірге бір
Six line/6 сан	Бірге бес
Corner first four/ 4 сан	Бірге сегіз
Street/3 сан	Бірге он бір
Split/2 сан	Бірге он жеті
Straight up/1 сан	Бірге отыз бес

13) Көршілерге мөлшерлеме (сан және шеңбер бойынша аталған нөмірдің сол және оң жағынан екеуден) 5 нөмірге тапсырыс береді және 5-ке еселік болуы тиіс.

14) «no spin» жағдай (доп шеңберден шығып кетті, доп бір орында тұрып қалады, доп пен шеңбер бір бағытта айналады) ойыншыларға мөлшерлемелер мен өтемақы төлеуге негіз болып табылмайды. Әр үстелде мөлшерлемелер үшін барынша төмен және барынша жоғары деңгей бар. Кредитке мөлшерлемелер қабылданбайды.

26. «БЛЭК-ДЖЕК» құмар ойынының ережелері.

1) Ойыншы карталарымен «21» ұпай сомасын немесе «21» сомасынан аспайтын ең жақын мәнді жинау мақсатында «банкке» (казино) крупьеге қарсы ойнайды.

2) Мөлшерлемелер крупье бірінші картаны ойын үстеліне тапсырғанға дейін қабылданады. Рұқсат етілген ең жоғары немесе ең төмен мөлшерлемелер ойын үстеліндегі жарнамаларда көрсетілуі тиіс және қатаң сақталуы тиіс.

3) Ойын басталады крупье карталарды жоғары қаратып таратады, әр ойыншыға бір, содан кейін өзіне бір, содан кейін әр ойыншыға екінші карта.

4) «БЛЭК-ДЖЕК» бұл тұз пен кез - келген суреттен (J. Q. K) немесе ондықтан тұратын екі карта комбинациясы. 3:2 төленеді.

5) «DOUBLE» – екі есе – ойыншы кез-келген екі картаға екі есе мөлшерлеме жасауға құқылы, ал мөлшерлемені «БЛЭК-ДЖЕК-тен» басқа түпнұсқаға теңестіреді. Тек 1 карта жасалады.

6) «DOUBLE FOR LESS» (тең емес екі есе) – егер ойыншы екі есе жасағысы келсе, бірақ оның фишкалары жеткіліксіз болса, ол бастапқы мөлшерлемедан екі есе аз болуы мүмкін, бірақ бұл мөлшерлеме үстелдің барынша төменінің жартысынан кем болмауы керек және клиенттің үстелдегі соңғы ақшасы болған жағдайда.

7) «SPLIT» (бөлу) – ойыншы бір номиналдың кез-келген екі картасында бөлуге құқылы, бұл ретте мөлшерлемені бастапқыға тең жасайды. Бокстағы Сплиттер саны үштен аспайды. Тұздарда Сплит болған кезде ойыншы бір-бір картадан алады. Сплитте ТҰЗ-10 комбинациясы «БЛЭК-ДЖЕК» болып саналмайды.

8) «SURENDA» – егер ойыншы карталар жиынтығының сомасы ұтылған деп есептесе, үшінші карта бірінші боксқа шыққанға дейін мөлшерлеменің 50%-на ойыннан бас тарту.

9) «INSURANCE» (сақтандыру) – үшінші карта бірінші боксқа шыққанға дейін қабылданады. INSURANCE мөлшерлемесі крупьенің банкінде тұз болған жағдайда ғана қабылданады. «Сақтандыру» мөлшерлемелері ең аз, үстелдің ең төменгі мөлшерлемесінің жартысы, ең көп дегенде ойыншының жарты мөлшерлемесі. Сақтандыру 2:1 төленеді. Егер ойыншының комбинациясы болса (Блэк Джек), ал дилерде тұз болса, ойыншы үшінші карта үстелге шыққанға дейін тең ақша сұрауға құқылы.

10) «BOX» – бір бокста бір ойыншыдан үш ойыншыға дейін, бір бокс иесімен ойнауға құқылы. Мөлшерлемелердің жалпы сомасы үстелдің ең көбінен аспауы тиіс. Ойыншы үстелде жалғыз ойнаған жағдайда кем дегенде 2 боксқа ойнауға міндетті.

11) Ұтысты төлеу ойыншының қалауы бойынша мерзімде, бірақ осы ойынның нәтижелері шығарылған сәттен бастап күнтізбелік 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

27. «СТАД ПОКЕР» құмар ойынының ережелері.

1) Ойыншы орнында (ANTE) мөлшерлеме жасайды және 5 карта алады, дилер өзіне де 5 карта салады, бұл ретте соңғысын «суретін» жоғары қаратып береді, ойыншы бір картаны (ANTE) тең мөлшерлемеге айырбастауға құқылы.

Осыдан кейін ойыншы одан әрі ойнауды немесе ойнамауды өзі шешеді. Егер ойыншы ойынды жалғастырмауды шешсе, мөлшерлеме (ANTE) ойнатылады және карталар дилерге қайтарылады. Егер ойыншы ойнауды шешсе, онда ол өз карталарын үстелге (RAISE), ал олардың үстіне (ANTE) екі еселенген мөлшерлемеге тең мөлшерлемені қоюға міндетті.

Барлық ойыншылар «ойнау» немесе «ойнамау» туралы шешім қабылдағанда, дилер өзінің 4 ашылмаған картасын ашады да өзінің карталарында ойын комбинациясы бар-жоғын қарайды. Бүкіл ойын комбинациялары стандартты покер қағидаларына сәйкес жасалады. Егер Дилердің карталарында «түз-патша» немесе одан жоғары комбинация болса онда ойын бар деп есептеледі. Егер дилерде ойын болмаса, тек ойыншылардың бірге-бір мөлшерлемелері төленеді (ANTE), ойын аяқталады, карталар дилерге қайтарылады. Егер дилерде ойын болса, барлық ұтыс мөлшерлемелері (ANTE) 1:1 төленеді, ал мөлшерлемелер (RAISE) ұтыс комбинациясының түріне байланысты төлем кестесіне сәйкес төленеді. Мысалы, егер дилерде «FULL HOUSE» карта комбинациясы болса барлық комбинациялар төлем кестесіне сәйкес төленеді (бірақ белгіленген барынша жоғары деңгейден аспайды). Дилерге қарағанда төмен (мысалы, ФЛЭШ) кез-келген комбинация ұтылады. Ойыншы (ANTE) және (RAISE) мөлшерлемелерін жоғалтады. Мұнда «СТРЕЙТ» комбинациясында қажет болса, оны ең жоғары және ең төменгі карта деп санауға болады. Дилер ойыншымен бірдей комбинацияға ие болған жағдайда, ұтыс иесі келесі жоғары карта бойынша анықталады. Егер барлық карталар бірдей болса, онда «STAND OFF» жағдайлары туындайды - ешкім ұтылмайды немесе ұтпайды.

Ойын барысында келесі негізгі қағидалар қолданылады:

- карталар үнемі дилердің көз алдында болуы тиіс және оларды ешқандай жағдайда да үстелден алып тастауға болмайды.

- ойыншылар өз карталарын талқылап, оларды басқа ойыншыларға көрсетпеуі тиіс.

- ойыншылар жоғарыда аталған ойын қағидаларын орындауға міндетті.

Дилер ойын барысында ойыншының барлық сұрақтарына жауап беруге және қажет болған жағдайда ойынның негізгі қағидаларын түсіндіруге міндетті.

Ұтысты төлеу клиенттің қалауы бойынша мерзімде, бірақ осы ойынның нәтижелері шығарылған сәттен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

28. Казино мен қонақтар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер барлық заңды тәсілдермен келісімдерге қол жеткізілмеген жағдайда келіссөздер арқылы шешіледі.

1) қонақ пен ойын мекемесі арасында ұтысты төлеу мәселелері бойынша туындаған келіспеушіліктер болған жағдайда туындаған келіспеушіліктерді реттеудің міндетті наразылық тәртібі (сотқа дейінгі тәртіп) белгіленеді.

2) сотқа дейінгі тәртіп шеңберінде оның құқықтары бұзылды деп есептейтін тарап екінші тарапқа тиісті жазбаша талап қоюға міндетті. Егер шағымның адресаты ойын мекемесі болып табылған жағдайда, шағым оның осы Қағидаларда көрсетілген орналасқан жері бойынша ұсынылады. Егер шағымның адресаты қонақ (құмар ойынға қатысушы) болса, шағым оның тұрғылықты жері бойынша беріледі.

3) наразылық адам өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде қойылады. Шағымға онда мәлімделген

талаптарды растайтын және негіздейтін құжаттар қоса берілуге тиіс. Шағымда көрсетілген талаптарды негіздеу үшін жеткілікті талаптар болмаған кезде шағым қараусыз қайтарылуға жатады.

4) Ойын мекемесінің әкімшілігі ойын мекемесінде кез келген даулы жағдай туындаған жағдайда түпкілікті шешім қабылдау құқығын өзіне қалдырады. Ойын мекемесі қабылдаған шешім қонақтардың (құмар ойынға қатысушылар) орындауы үшін міндетті болып табылады.

5) Ойын мекемесіне бару және онда болу мәселелеріне байланысты барлық даулы жағдайлар бойынша шешімдерді Ойын мекемесінің әкімшілігі қабылдайды.

9. ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК

29. Құмар ойынға қатысушыларға, сондай-ақ олардың жақын туыстарына психологиялық көмек көрсететін мамандардың мекемелері мен байланыс телефондары:

1) Ионова Елена Юрьевна, ойынға тәуелділік жөніндегі маман, Online -консультациялар, тел. +7701 7520030, Instagram: @ionova_psyin;

2) «Amanat Rehab» емдеу және оңалту орталығы. Телефон: +7 (708) 708-90-78, электрондық пошта: amantrehab@gmail.com Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Мақатаев к-сі, 12. Сайт: <https://amanatcenter.kz>;

3) «Ренессанс» ОО Телефон: + 7 700 7000 328. сайт: <https://ncrenessans.kz>. электрондық пошта: Orishkevichs@icloud.com Мекенжайлар: Астана қаласы, Шашу қиылыс көшесі, 15; Астана қаласы, Бозбиік 23;

4) «Еркін адамдар» тәуелділікті емдеу клиникасы Алматы қаласы, Жароков көш, 286 В, тел. +7 707 317-77-94, +7-727-317-77-94. Ходак Владимир Павлович – ойынға тәуелділік жөніндегі маман, тел. +7 747 317-77-94 (тек WhatsApp).

30. Казино құмар ойындарға шамадан тыс құмарлықтың зияны туралы ескертеді және химиялық емес тәуелділіктерге жататын және әдеттер мен құмарлықтардың бұзылулар тобына жататын мінез-құлықтың бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл құмар ойындарға жиі қайталанатын қатысудан көрініс табады, ол үздіксіз және әлеуметтік және жеке бейімделу - құмар ойындармен нашарлайды.

10. ЖАРИЯ ОФЕРТА ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА, ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ

31. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – бірлесіп - Заң) сәйкес Ойыншы, Қонақ, Келуші «MONTANA» Казиносының аумағында және/немесе үй-жайында бола отырып, Ойын бизнесінің ұйымдастырушысына сөзсіз келісім береді және Үшінші тұлғаларға, яғни. қазіргі уақытта да, болашақта да Ойын бизнесінің ұйымдастырушысының Дербес деректерді Жинау, Өндеу және Қорғау, Жинауға, Өндеуге және Трансшекаралық беруіне осы Келісіммен регламенттелген мақсаттарда және көздерде, оның ішінде жалпыға қолжетімді көздерде заңнамаға қайшы келмейтін тәсілдермен, өз қалауы бойынша мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен байланысты адамдарға Ойын бизнесінің ұйымдастырушысының Ойын бизнесінің ұйымдастырушысымен бұрыннан бар немесе болашақта туындайтын кез келген азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастардың пайда болуына байланысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, келешекте болып жатқан өзгерістер және (немесе) толықтырулар:

- құмар ойындарға және/немесе бәс тігуге қатысуға, азаматтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастарға, сондай-ақ оларды жүзеге асыру процесінде өзара іс-қимыл жасауға қажетті мәліметтер және көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); азаматтық; жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН); туған күні мен мәліметтері; портреттік сурет (фотография); қызмет түрі, жұмыс орны (бар

болса), ұялы байланыстың жеке абоненттік нөмірі, қолы; банктік деректемелер (банк шотының нөмірі, банктің атауы және БСК);

- байланыста болу үшін мәліметтер және көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар: нақты тұрғылықты жері туралы деректер; тіркеу орнының мекенжайы туралы деректер; байланыс ақпараты (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы және т. б.); Қазақстан Республикасының аумағында болуының заңдылығын растайтын құжаттар және т. б.

32. Ойын бизнесінің ұйымдастырушысы ойыншының, қонақтың, келушінің (ол туралы) Дербес деректерін Жинауы, Өңдеуі және Трансшекаралық беруі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресми сұратылған жағдайда дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруі және сақтау үшін жүзеге асырылады.

33. осы Келісім Ойын бизнесінің ұйымдастырушысымен, оның ішінде бұрыннан бар және (немесе) осы келісім берілген кезде туындайтын барлық қатынастарға, сондай-ақ болашақта туындайтын кез келген басқа қатынастарға қолданылады және Ойын бизнесінің ұйымдастырушысының аумағында болған уақыт ішінде де, Ойын бизнесінің ұйымдастырушысының аумағында болу тоқтатылғаннан кейін де, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, Ойын бизнесінің ұйымдастырушысының Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген құқықтары мен міндеттерін тиісінше орындауы үшін қажетті мерзімдер ішінде қолданылады.

34. Осы Келісіммен Ойын бизнесінің ұйымдастырушысына Үшінші тұлғалардың Дербес деректерге қол жеткізу шарттарын дербес айқындау; Дербес деректерді жалпыға қолжетімді Дербес деректер көздерінде тарату құқығы берілді;

35. Ойын бизнесінің ұйымдастырушысы Дербес деректерді Жинау, Өңдеу және Трансшекаралық беру кезінде Ойыншының, Қонақтың, Келушінің хабарламасы талап етілмейді.

36. Осы Келісім Ойын бизнесінің ұйымдастырушысы Ойыншының, Қонақтың, Келушінің Дербес деректерін Жинауға, Өңдеуге және Трансшекаралық беруіне қажетті өкілеттіктерінің бар екендігі туралы дәлел ретінде Үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін;

37. Егер Ойыншы, Қонақ, Келуші және Ойын бизнесінің ұйымдастырушысы арасында жасалған тиісті келісіммен немесе өзге де мәмілелермен (мәмілелермен) Ойын бизнесінің ұйымдастырушысы Ойыншының, Қонақтың, Келушінің Дербес деректерінің ашық байланыс арналары арқылы беруі көзделген немесе көзделген жағдайда, соңғысы оларды Үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін түсінеді және осындай тәуекелді өзіне қабылдайды;

38. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, байланыс ақпараты (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы және т. б.), портреттік бейнесі (фотосуреті) бар дербес деректер жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни оларға қол жеткізу еркін болып табылады;

39. Ойын бизнесінің ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда одан кейін Ойын бизнесінің ұйымдастырушысына Дербес деректерді Жинауға, Өңдеуге және Трансшекаралық беруге қатысты Ойыншының, Келушінің, Қонақтың қандай да бір наразылықтары болмайды.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

40. Қонақтардың, келушілердің, ойын мекемесі қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолданыстағы заңнаманы сақтау мақсатында бейне және дыбыс жазу жүргізіледі.

41. Ойындарға (ұтыс ойындарына) қатысу қонақтардың осы Қағидалардың ережелерімен толық келісімін растайды, сондай-ақ қонақтардың ойындар (ұтыс ойыны) кезінде бейнетүсірілім жүргізуге, сондай-ақ ұйымдастырушының олардың дербес деректерін өңдеуі мен таратуына, сондай-ақ оның дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды. Дербес деректерді тарату деп дербес деректерді интернетте және басқа БАҚ-та, сондай-ақ өзге де ашық көздерде жариялау түсініледі. Келісім ойындарды (ұтыс ойынын) өткізудің бүкіл мерзімінде және олар аяқталғаннан кейін бес жыл бойы қолданылады.

42. Осы Қағидалар ойын мекемесінің барлық қызметкерлері, қонақтар мен келушілер үшін міндетті болып табылады.

43. Осы Қағидаларға өзгерістер енгізу қажеттілігіне қарай немесе Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

44. Осы Қағидалар бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және олар жойылғанға және/немесе өзгертілгенге дейін жарамды болады.

«УТВЕРЖДЕНЫ»

Прик

**азом Директора
ТОО «Bestam corporation»
№ 29-П
от «27» ноября 2024 года**

Рыскедьдина Н.М-С.

ПРАВИЛА РАБОТЫ ИГОРНОГО ЗАВЕДЕНИЯ «MONTANA»

г. Конаев, 2024 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Правила работы игорного заведения «MONTANA» (далее – Правила) разработаны в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан от 12 января 2007 года № 219-III «Об игорном бизнесе», и Типовыми правилами работы игорного заведения, букмекерской конторы или тотализатора, приема ставок и проводимых азартных игр и (или) пари, утвержденные Приказом исполняющего обязанности Министра туризма и спорта Республики Казахстан от 09 октября 2024 года, №175, регламентируют порядок и особенности посещения игорного заведения.

2. Основными задачами настоящих Правил является контроль за допуском и участие в азартных играх и определение порядка посещения игорного заведения.

2. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ

Пари – основанное на риске соглашение, заключенное участниками между собой либо с организатором игорного бизнеса, на исход события, предполагающий выигрыш, в котором они не принимают участия;

Аккаунт участника пари (далее – аккаунт) – персональная учетная запись участника пари, открываемая организатором игорного бизнеса, осуществляющим деятельность букмекерской конторы и (или) тотализатора, посредством аппаратно-программного комплекса, при регистрации участника пари, для осуществления участником пари ставок и иных операций, необходимых для участия в пари и получения выигрышей, а также для учета информации о каждом участнике пари, передаваемых участником пари денег, принятых ставках на пари (в том числе электронных), коэффициентах на варианты исхода пари, выигрышах и выплатах по ним;

Бенефициарный собственник – физическое лицо:

